КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Evaluation Only. Created with Aspose.Words. Copyright 2003-2015 Aspose Pty Ltd.

сот шешіміне түзетулер енгізу туралы

ҰЙҒАРЫМ

2026 жылғы 23 қаңтар Павлодар қаласы

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ә.С.Тюлембекова, Павлодар ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «Жоба-құрылыс компаниясы Қарааарша» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы бойынша азаматтық іс материалдарын зерделеп,

АНЫҚТАДЫ:

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 9 желтоқсандағы шешімімен «Павлодар ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «Жоба-құрылыс компаниясы Қарааарша» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылды.

Сот ұйғарым етті:

«Қарааарша жобалау-құрылыс компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Қарааарша жобалау-құрылыс компаниясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттің пайдасына 1 966 (бір мың тоғыз жүз алпыс алты) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Сот жоғарыда аталған шешімді шығарған кезде сот актінде іс жүргізу қатесі жіберілген, атап айтқанда, жауапкердің атауы дұрыс көрсетілмеген.

Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай АПК) 235-бабына сәйкес, сот өз бастамасы бойынша немесе іске қатысатын адамдардың арызы бойынша шешімде жіберілген қате жазуларды және анық арифметикалық қателерді түзете алады.

Сот азаматтық іс материалдарын зерделеп, Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 9 желтоқсандағы шешімінде жіберілген қатені түзетіп, тиісті түзетулер енгізу қажет деп санайды.

АПК 235-бабын басшылыққа ала отырып, сот,

ҰЙҒАРДЫ:

Павлодар облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2025 жылғы 9 желтоқсандағы шешіміне түзетулер енгізілсін.

Көрсетілген шешімде жауапкердің атауы «Жоба-құрылыс компаниясы Қарааарша» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі дұрыс деп есептелсін.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Ұйғарымға түпкілікті нысанда дайындалған күннен бастап он жұмыс күні ішінде Павлодар қалалық соты арқылы Павлодар облыстық сотына жеке шағым берілуі және (немесе) прокурордың өтінішхаты келтірілуі мүмкін.

Судья **Ә.Тюлембекова**

Құжатқа қол қойылған: Тюлембекова А. С., 23.01.2026

«Төрелік» ақпараттық жүйесі
Сот өндірісі
Судопроизводство
Информационная система «Төрелік»